



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

17.02.2023 ж.

№ 22, 1-т.

**2022 жылғы Қазақстандық оқу-ағарту,
ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің
салалық кәсіподағындағы кәсіподақ мүшелігі
және кәсіподақ органдары туралы жиынтық
статистикалық есептіліктің қорытындысы туралы**

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ мүшелігі және кәсіподақ органдары туралы 2022 жылғы жиынтық статистикалық есеп бекітілсін.

2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары 2022 жылға арналған статистикалық есептілік нәтижелерін алқалы органдардың отырыстарында қарастырсын, кәсіподақтың мүшелік базасын нығайту, кәсіподақ мүшелерін ынталандыру жөніндегі жұмыста кемшіліктерді жою бойынша нақты шаралар қабылдасын.

3. Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына кәсіподақ мүшелері санының қысқару себептеріне талдау жасау, мүшелік базаны кеңейту жөнінде мақсатты іс-шаралар әзірлеу, оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім саласында жаңа бастауыш кәсіподақ ұйымдарын құру ұсынылсын. Жоғары оқу орындарында, білім саласының жеке секторындағы еңбек ұжымдарында кәсіподақ ықпалы күшейтілсін және әлеуметтік әріптестермен ынтымақтастықты нығайтсын.

Кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру жөніндегі жұмыста қызметкерлердің еңбек құқықтары мен кәсіптік мүдделерін қорғау бойынша нақты жағдайлар мен фактілерді келтіре отырып, кәсіподақ ұйымдарының қызметі туралы ақпараттық және түсіндірме жұмысы жүргізілсін.

4. Кәсіподақ мүшелерінің саны 1000-нан астам адамға азайған мүшелік ұйымдардың төрағалары кәсіподақ мүшелігін кеңейту бойынша жұмысты күшейтуі қажет. Проблемаларды анықтау мақсатында бастауыш кәсіподақ ұйымдарымен кездесу өткізіп, жағдай бақылауға алынсын. Оларға кәсіподақ қызметінің маңыздылығын түсіндіріп, кәсіподақ мүшелерінің қатарына қосылу жөніндегі шаралар қабылдасын.

5. Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары кәсіподақ мүшелігіне ынталандыру бойынша жұмыс тиімділігін арттыру жөнінде кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақ активін оқытуды жүргізіп, кәсіподақ комитеттеріне тұрақты әдістемелік көмек көрсетсін, бұл мақсатта БАҚ мүмкіндіктерін, әлеуметтік желілерді барынша пайдалансын.

6. Мүшелік ұйымдардың төрағалары кәсіподақ органдары аппаратының қызметкерлерімен мүшелік база туралы статистикалық ақпараттың және талдау жасалған анықтамалардың сапасын арттыруға бағытталған қажетті шараларды қабылдасын.

7. Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімі (Е.С. Иманбаев) мүшелік ұйымдардың аппаратындағы жауапты қызметкерлермен жүйелі түрде оқыту семинарын өткізсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары Ә.Ә. Әбиеваға жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева